№33
(7875)

10 тамыз,
Сейсенбі,
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# Ойыл

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930 жылдың қараша айынан бастап шығады.

# ҚОС ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚЫЗУ ЖҮРІП ЖАТЫР



Әр түйір құмы тарихтан сыр шертетін Ойыл өлкесі, облыстың бір бүйірінде жатқан шалғай аудандардың бірі. Тәуелсіздік жылдарында білім ошақтары сынды әлеуметтік нысандар бой түзеп келеді. Ауылдық округтер мен шағын елді мекендердің өзінде құрылыс жұмыстарының ілгері даму лебі байқалады. Ерекше атап өтетін жайт Тәуелсіздік таңындағы 30 жылдың ішінде биыл ауданымызда алғаш рет екі қабатты үйлер салынуда. Осы орайда тамыз айының екінші жексенбісі құрылысшылар күні қарсаңында аудан әкімі Асқар Қазыбаев құрылыс жұмыстары қызу жүріп жатқан екі қабатты екі үйдің құрылыс жұмыстарын аралап, ондағы құрылысшыларды төл мерекелерімен құттықтады. Сонымен қатар бірқатар құрылысшыларға арнайы алғыс хатын табыстады. Марапат алған құрылысшылардың арасында ардагер құрылысшылар мен бұл салаға енді ғана қадам басқан жастар да бар. Айта кетсек, қазіргі таңда аудан орталығында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтар жетерлік. Бұл көрсеткіш жыл сайын дара үй салғаннан тұрғын үй кезегін азайтпайды. Сондықтан осы жайтты сараптап қараған жергілікті билік өкілдері екі қабатты көп пәтерлі үй салуды тиімді деп отыр. Расында екі қабатты 4 үйдің құрылыс жұмыстары толықтай аяқталып, тапсырылса бұл көптеген адамның баспаналы болуына мол мүмкіндік бермек. Сондықтан аудан әкімі Асқар Қазыбаев құрылысшыларға жұмысты сапалы әрі жылдам жасауға ұсыныс жасады. Сондықтан жұмысты тезірек жасау үшін қаражат жағынан ешқандай проблема жоқтығын да жасырмады. Бүгінгі қоғамда алатын өзіндік орны бар мәртебелі мамандық иелерінің орны айрықша. Демек, ауданымызда бой түзеп, пайдалануға берілген әрбір ғимаратта ойылдық құрылысшылардың қолтаңбасы жатыр. Адамзат өркениетінің бастауында тұрған мамандық иелерін төл мерекелерімен құттықтаймыз!

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

# ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯНЫҢ ОНЛАЙН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Өткен аптада аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы отырысы өтті.

Тұрақты комиссияның «zoom» платформасы арқылы отырысына аудандық мәслихаттың хатшысы Сакен Ғазизұлы, аудан әкімінің орынбасары Саян Сапарұлы және бірқатар сала басшылары қатысты. Күн тәртібінде салық базасын нығайту және аудандық бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту бойынша атқарылған жұмыстары және алдағы міндеттері мен аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 9 «Ойыл ауданының 2021-2025 жылдарға арналған аудандық даму бағдарламасы туралы» шешімінің экономикалық салалар бойынша орындалуы туралы екі мәселе қаралды. Бірінші мәселе бойынша Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы Бюджеттің кіріс бөлігін толтыру мақсатында қосымша резерв көздерін табу үшін 2021 жылға бекітілген салық салу базасын кеңейту іс шарасы нақты және толық қарқында жүргізіліп жатқандығына тоқталып, нәтижесінде 2021 жылы 15 шілде қосымша есептелген түсімдер 6898,4 мың теңге бюджетке түскендігін жеткізді. Сала бойынша мәлімет берген ол: «Еңбек құқықтарын сақтау, яғни ауылшаруашылық өнімін өндіруші заңды тұлғалар және шаруа қожалықтарында жалдамалы жұмысшылардың есепке алынбауын бақылау кезінде 3 салық төлеуші анықталды. Косымша салық есептілігін тапсырып бюджетке 389,1 мың теңге түсті. Өткізілген іс-шаралар негізінде Ойыл аудандық полиция бөлімімен бірлесіп 60 жеке тұлғалардың 981,4 мың тенгеге көлік салығы бойынша берешек өндірілді.», - деді. Әрі қарай келесі мәселе бойынша аудан әкімініің орынбасары Саян Сулейменов ауданда ауыз су тарту, жолдарды жөндеу, елді мекендерді жарықтандыру, мал басының өсімі сынды ауқымды жобалар бойынша атқарылып жатқан жұмыстармен алдағы міндеттерге, межелі жоспарлардың орындалуы жөнінде баяндама жасады.

**Өз тілшіміз.**

# АНТИДЕНЕСІ БАРЛАР ВАКЦИНА АЛА МА? ЕКПЕНІҢ ЖАҒЫМСЫЗ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

**ДҮНИЕЖҮЗІН ДҮР СІЛКІНДІРГЕН КОРОНА-ВИРУСТЫ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ – ВАКЦИНА. АЛАЙДА ЕЛІМІЗДЕ ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН БҰНЫ ТҮСІНБЕЙ, ЕКПЕ АЛУДАН БАС ТАРТЫП ЖҮРГЕНДЕР ЖОҚ ЕМЕС. КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕ ҮРЕЙ МЕН ТҮРЛІ САУАЛДАР БАР. ОСЫ РЕТТЕ, ВАКЦИНА ТУРАЛЫ ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАРҒА МАМАНДАРДЫҢ ЖАУАБЫН ҰСЫНАМЫЗ!.**

*- Вакцинаның құрамы қандай және оның ағзаға зияны бар ма?*

- Вакцинаның адамға еш зияны жоқ. Екпені өндіру технологиясы бұрыннан бар. Оны жасаған кезде вирустың гендік тізбегі алынады. Биотехнологияның көмегімен жұқпалы ауруға қарсы әсер ететін фрагмент алынып тасталады. Бірақ ақуыздардан тұратын вирустың ішкі қабығы сақталады және денеге еніп, иммундық жүйеге вирусты анықтауға мүмкіндік береді. Мұндай вакцина жұқпалы ауруды тудырмайды әрі денеге теріс әсер етпейді. Сондықтан вакцинадан қорықпау керек.

*- Екпе адам бойындағы жасырын ауруларды ушықтыра ала ма?*

- Созылмалы аурулардың өршуі вакцинаға емес, коронавирусқа тән. Егер індеттен ада болсаңыз, онда екпе ешқандай ауруды ушықтыра алмайды.

*- Кейбір азаматтарда вакцина алғаннан кейін әлсіздік байқалады. Бұл екпенің жағымсыз әсері ме?*

- Вакцинациялаудан кейін бірнеше күн ішінде әл-ауқаттың нашарлауы қалыпты жағдай. Реакциялар кез келген вакцинаны енгізгенде пайда болуы мүмкін. Бұл дегеніміз, иммундық жүйе антигенге әсер етіп, вирусқа қарсы антиденелер пайда бола бастады. Барлық адамда вирусқа қарсы иммунитет әртүрлі жолмен қалыптасады. Мұндай жағымсыз реакциялар вакцинадан кейін байқалады. Көбінесе олар дене температурасының жоғарылауымен, әлсіздікпен немесе инъекция орнының ауырсынумен көрінеді. Бұл әсер 1-3 күн аралығында ешқандай емделусіз және қандай да бір салдарсыз өздігінен өтеді. Егер вакцина алғаннан кейін температураңыз қатты жоғарыласа, онда дәрігердің кеңесіне жүгінгеніңіз абзал.

*- Вакцина ағзаның репродуктивті функциясына әсер ете ме?*

- Вакциналардың репродуктивті функцияға әсері - бұл жай болжам ғана. Мұндай болжамдарды тіпті 50 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келе жатқан екпелерге қатысты да айтқан болатын. Десе де бұны бірде-бір зерттеу растамады. Вакциналарда адамның жыныстық және эндокриндік жүйелеріне әсер ететін компоненттер жоқ. Сонымен қатар жүктілікті жоспарлағандар үшін вакцина алу қажет. Бұл әйелді коронавирустың ықтимал әсерінен қорғайды.

*- Егер адамда антиденелер бар болса, сонда да екпе алу керек пе?*

- Жалпы, вакцинациялаудан бұрын антиденелердің бар-жоғына қан тапсырудың қажеті жоқ. Сондықтан антидене болса да вакцина алу қажет. Адамдар неғұрлым вакцинацияланбаған сайын, вирустың патогендік қасиеттерін арттыра отырып, мутацияға ұшырау мүмкіндігі көбірек болады.

*- Егер адамда жүрек ауруына күдік немесе аллергия болса, қандай вакцина алған дұрыс?*

- Қазақстан аумағында пайдалануға рұқсат етілген вакциналардың барлығы тиісті сертификаттаудан өткен. Олар азаматтардың қандай да бір санатына арналмаған. Бұл екпелерді бәріне салуға болады. Ешқандай ерекшелік жоқ. Бірақ егер сізде жүрек ауруына күдік болса және диагнозыңыз әлі қойылмаса, терапевтке тіркелуді, диагностикалық зерттеулерден өтуді және кардиологпен кеңесуді ұсынамын. Содан кейін ғана вакцина алыңыз. Егер тіркелген болсаңыз және ауруыңыз белгілі болса, онда жағдайыңыз тұрақты деп бағаланады. Сондықтан вакцина алуға еш кедергі жоқ.

Аллергияге қатысты айтар болсақ, ең әуелі біз қандай аллергия туралы айтып отырғанымыздың басын ашып алайық. Өйткені әр аллергияның көріністері әртүрлі. Вакцинациялауға абсолютті қарсы көрсетілім - бұл әдетте жоспарлы түрде қойылған алдыңғы екпелерге аллергиялық реакциялардың болуы. Егер маусымдық аллергия болса, онда әрине, тексеру кезінде терапевтке хабарлау қажет. Содан кейін ол сізге вакцина алуға бола ма, жоқ па, соны шешеді.

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МАЛ АЗЫҒЫМЕН ҚАМТЫЛУЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ НАЗАРЫНДА




Отырысқа партияның аудандық филиалы Саяси Кеңес, Саяси Кеңес Бюро мүшелері, аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айбат Ербазиев, полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары Дархан Ғалымжан мен ауылдық округ әкімдері қатысты.

Отырыстың күн тәртібіне екі мәселе қаралды.

1. Тұрғындарды қысқы мал азығымен толық қамтамасыз ету мәселесі;

2. Шөп бағасын тұрақтандыру және жергілікті халықты толық қамтамасыз етпей, мал азығының басқа аймақтарға сатылымға шығып кетпеуін қадағалау.

Комиссия отырысына төрағалық етуші Исатай Берғалиев қысқы мал азығын әзірлеу науқанының барысына шолу жасады.

- Қазір мал азығын әзірлеу науқаны жүріп жатыр. Әзірге шаруалар шөпті шабу, шөмелелеу сынды қызу жұмыс үстінде. Дайын шөпті қыстақтар мен ауылдарға бірен-саран тасып жатқандар да бар. Шөптің бағасы қыстағыдай қымбат емес. Бірақ былтырғы науқан кезіндегі бағадан өсім байқалады. Себебі, жанар жағар майдың бағасын айтпағанда, күннің аптаған ыстығына қарамастан азаннан қара кешке дейін жүріп мал азығын дайындайтын қарапайым жандардың еңбегін ескермей қалуға да болмайды.

Келесі аталған мәселер бойынша кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айбат Ербазиевтың баяндамасы тыңдалды.

- Нақты деректе көз жүгіртсек, биыл аудан бойынша қысқа 42100 бас мүйізді ірі қара, 134300 бас қой-ешкі, 15100 бас жылқы, 80 бас түйе малы түседі. Шөп қажет ететін аула саны 2198 болса, қазіргі таңда небары 242 аула ғана мал азығымен қамтылған. Мал қыстатуды қалыпты өткізу үшін 220,7 мың тонна мал азығын дайындау қажет. Қазіргі таңда шілде айының ортасына дейінгі дайындалған мал азығы 93,6 мың тонна. Аудан бойынша мал азығын дайындау жұмыстары толыққанды атқарылуда. Биылғы шөптің орташа түсімі әр гектарына 2,8-3,0 центнердің шамасында.

Одан бөлек Ойыл ауданына қарасты ауылдық округ әкімдерінің хабарламалары тыңдалып, алда тұрған күрделі мәселелердің шешу жолдары қарастырылды. Комиссия отырысының шешімімен құзырлы мекеме орындарына мал азығын әзірлеу науқанын бақылауда ұстау жөнінде ұсыныс хаттар жолданды.

# АРНАУЛЫ АЛАҢ КЕРЕК!




Бұл Ойыл селосында толғағы жеткен мәселе. Рас, апта сайын демалыс күндері мал азығының, басқа ауылшаруашылығы өнімінің жәрмеңкесі өтетін алаңдар бар. Шағын коммуналдық базардың шатыры бәріне бірдей жетпейді. Алайда, сатушы сенбі, жексенбіні күтіп тұрмайды.

Әрине, өнім ұсынушы халықтың көп жүретін жерінде сауда жасағысы келеді. Сондықтан, тауары бардың барлығы ауызекі тілде «Телекомның» алдына ұмтылады. Бұл жерде не жоқ. Шөп те бар, киім-кешек, бәтеңке де бар. Жеміс-жидек, көкөніс екібастан. Біріншіден, көшенің бойы санитарлық талапқа сай емес. Екіншіден, арнаулы қалдықтарды салатын ыдыстар болмағандықтан, ол төңіректің тазалығы тағы ойландырады. Ал, кешкісін сол «Телекомның» алдынан өтсеңіз, ұшып кеткен целлофан пакеттерді айтпағанда, шемешкінің қалдығы, темекінің тұқы-лынан бастап, көкөністің қалдықтары да табылады. Бұл жерге енді тұрғындардың сиыр байлап, саудалауы қалды.

Сондықтан, Ойыл селосының мейлінше орталығынан арнаулы коммунальдық алаң керек!

**С.ХАМЗИН,**
**Ойыл селосы.**

# САРБИЕДЕ ТӨРТ КӨШЕ АСФАЛЬТТАЛУДА

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ
30 ЖЫЛ

Көбіне күре жолдарға аса мән беріліп, ауылдағы көшелердің назардан тыс қалып жататыны шындық. Алайда, биыл өңірімізде жергілікті жолдарды жөндеу ісіне ерекше көңіл бөліп отыр. Мұндай жағымды жаңалықтар шалғай ауылдарда да көрінісін табуда. Биыл ауданға қарасты ауылдық округтердің көшелерін асфальт төсеу жұмыстары қолға алынуда. Сондай-ақ ауылдарға қатынайтын жолдарды қалыпқа келтіру жұмыстары да жоспарланып отыр.

Осы бағытта Сарбие ауылдық округінің 4 көшесіне жергілікті бюджеттен 11 миллион теңге, «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында Республикалық бюджеттен 109 миллион теңге қаржы



бөлініп, аталған ауылдың көшелерін асфальттау жұмыстары басталды. Мердігер «Ақтөбе Құрылыс Аймақ» 4 көшені асфальттау жұмыстарын көп кешікпей аяқтауға жұмыстануда. Ел үшін жасалынып жатқан игі іске сарбиеліктер дән риза. Бұрын соңды асфальт көрмеген ауыл көшелері енді түп-түзу жаңа асфальтпен сән беріп тұратынына бізде бір қуанып қалдық. Бұрын ойқыш-ойқыш болып жататын шалғайда жатқан ауыл көшелеріне асфальт төсеу Тәуелсіздіктің бізге тартып жатқан үлкен сыйы деп білеміз. Сонымен қатар айта кетсек, Ойыл селосының көшелерін асфальттау жұмыстары соңғы жылдары қарқынды жүзеге асырылуда. Оған аудан тұрғындары куә. Бұл іс биылда жалғасын тауып, жаңбыр жауса езіліп, ыңғайсыздық туғызатын селоның Н.Оноприенка, Дүсіпов, Байғанин, Н.Тапалова көшелеріне асфальт төселді. Қазіргі таңда «ЗапКазПромСтрой» ЖШС-і жергілікті бюджет есебінен Ш.Еркінов көшесіне асфальт төсеу жұмыстарын жасап жатыр. Қомақты қаражатты қажет ететін ауқымды жобалар әлі де тоқтамақ емес. Бұл өткен жылдармен салыстырғанда ауданның даму қарқынында біршама алға басушылық байқалады.

**Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,**
**Ойыл селосы.**

# ВАКЦИНА АЛУ – АЙНАЛАҢА АУРУ ТАРАТПАУ!

Тұрғындардың денсаулығына төнген қауіпке қарсы қаншама шаралар қабылданып жатқанымен, елімізде эпидемиялогиялық ахуал алаңдатарлық жағдайға жетті. Қазақстандағы барлық өңір «қызыл аймаққа» еніп, үміт еткен «жасыл» аймақ қайта алысқа ұзағандай. ҚР Президенті Қ.Тоқаев елдегі эпидемологиялық жайға байланысты өткізген шұғыл кеңесте жұртшылықтың желідегі теріс ақпараттарға көбірек сенуінің қауіптілігіне тоқталған еді. Мемлекет басшысы Себебі «қыңыр» антиваксерлердің шағын тобының кесірінен отбасыларының әл-ауқатын өз еңбегімен қамтамасыз етіп отырған азаматтарымыздың денсаулығына қауіп төндіре алмаймыз» - деді. Індет енді белең алған уақыттың емін таппай шарқ ұрған сәттерінде бір шешімі болса деген едік. Бүгінде «ажалға жаны жақын» вирустың вакцинасы табылғанда кейбіреулердің күмәні күшейіп кеткендей. Дегенмен, болып жатқан жағдайды ой елегінен өткізіп, өзінің денсаулығы мен жақындарының жайына алаңдайтын тұрғындар өздері тұратын жерлердегі медициналық орталықтарға барып, екпе алуға ниет білдіруде. Ауданымызда коронавирустық инфекцияға қарсы екпенің 1 компонентін 5183 адам алса, 2 компонентін 2998 адам алған және бұл көрсеткіш күн сайын өсуде.

Саналы түрде жауапкершілікті сезініп, екпе алуға келетін тұрғындардың вакцинаға немқұрайлы қарамауы көз қуантады. Күн сайынғы екпенің нәтижесінде аймағымыз «жасылданып», өткен күнге қайта оралатынымызға сеніміміз мол. Аудан тұрғындары, індеттің бетін қайтарудың бірден бір жолы - екпе екенін ескеріп, әрбір тұрғынның саналы түрде екпе қабылдауын өзіне және еліне деген жауапкершілік деп түсінеміз. Егер, сізді екпе алуға шақырса, уақытты созбай аурудың алдын алдын алуға асығыңыз!!!! Сонымен бірге, 25-ші маусымнан 25-ші қыркүйек аралығында екпенің бірінші компонентін алған тұрғындар арасында лотерея ұтысына қатыса алатындығын еске салғымыз келеді.

**Сәндібек НҰРБАЕВ,**
**Аудандық аурухананың**
**бас дәрігері.**

Ойыл 100 жыл

# ОЙЫЛ УӘЛАЯТЫНЫҢ УАҚЫТША ҮКІМЕТІ

Атышулы Француз коммунасынан төрт жыл бұрын дүниеге келген датовтық «Халық кеңесі» де атына сай жалпы халықтың, оның ішінде Кіші жүздің шенді, шекпенсізіне күткен азаттықты өпере алмай, қалың қазақ енді XX ғасырға үміт артты. Ресейде «дүниені дүр сілкіндірген он күннің» жаңғырығы жалпақ жатқан Орта Азия мен Қазақ даласын да елең еткізді. Онсыз да шамырқанып шақ-шақ тұрған ұлт ызасы шарт сынар шегіне жетті. Осы қысылтаяң шақта оңтүстікте Мұстафа Шоқай, орталықта Ахмет Байтұрсынұлы, шығыста Әлихан Бөкейханұлы, батыста Жанша Досмұхамедұлы мен Халел Досмұхамедұлы бастаған зиялы қауым бұрынғы батырлық, ақсақалдық дәстүрді енді жаңа түрімен жедел жалғастырып әкетті. Олар заман талабы тудырған, қазағының мұңы мен мұқтажын қорғауға қабілетті, оқыған, тоқыған зерделі қауым болатын. Сондықтан олар Ресейдегі 1917 жылғы сәуір төңкерісіне бірден мән берді. Бұдан кейінгі оқиғалардың қалай өрбігені тарихи әдебиеттерден белгілі.

Жиырмасыншы ғасырдың басындағы жағдайдың да оңып тұрғаны шамалы еді. 1905 жылғы 9 қаңтардағы «қанды жексенбінің» дүбірі Ойыл даласына да жетті. Нақ сол күндерде Петербургтің Императорлық Әскери-медицина Академиясында оқып жүрген, кейін нақ осы өңірдегі саяси оқиғалардың қалың ортасында болған Халел Досмұхамедұлы іле демалысқа елге келіп, Орал қаласында татар, орыс тілдерінде шығатын «Фікір», «Уральский листок» газеттеріне мақалалар жариялап, Ресейдегі саяси хал-ахуалдың жай-жапсарын түсіндірді. Сол тарихи кезеңді ол кейін: «1906 жылы қырдағы ауылдарды аралап жүргенімде полицияның көзіне іліктім де, саяси жұмыс жүргізуіме тыйым салынды» деп есіне алды. Қорғансыз елінің қамын ойлап, бастарын қауіп-қатерге тігіп, бес облыстан жиылған қазақтың зиялылары Ә.Бөкейханұлы, Ж.Сейдалыұлы, Б.Қаратайұлы, Б.Сыртанұлы, М.Дулатұлы 1905 жылдың желтоқсан айында Теке (Орал) каласында Ресейдегі кадеттер партиясының үлгісімен ұлттық саяси ұйым құруға әрекет жасағанда араларында студент Халел де бар еді (91.25). Шамасы, осыдан кейін полиция Халелді көз қырына алған.

Махамбет жайлы деректер жинап, Ойылда болған белгілі жазушы Б.Аманшин де өзінің «Көкжар» атты шығармасында Орынбордың вице-губернаторы, Ойылдағы жәрмеңке комитетінің жұмысына әкімшілік қадағалау тапсырылған Мордвинов губернияның жандарм басқармасына Б.Қаратайұлының Ойылда болғаны туралы құпия жөнелткен хабарламасында: «Көкжардан кетер алдында Қаратаев сұлтан осында дәріхана ұстайтын орынборлық мешанин Шахворостовтың әйелімен құпия кездесті. Шахворостовтың өзі болса өткен жылдың ақпанынан бері Орынбордын түрмесінде отыр. Сол күннің кешінде Шахворостов дәріханасының жұмысшысы, жергілікті қырғыз Қаратаев тұрған пәтерге қызыл-қоныр түсті матаға оралған кәдімгідей қомақты бума әкелді. Қаратаев сұлтанның буманы қол сөмкесіне салып, сол бойда өзінін кереуетінің астына мұқият тыққанын жансызымыз байқап қалған.

Жансызымыздың бумада үкіметке қарсы ашына жазылған листовкалар бар деген күдігі негізсіз емес. Өткен жылдың ақпанында Көкжарға арнаулы тапсырмамен жіберілген ротмистр Желтовский мен урядник Токарев анықтағандай, Көкжардағы мал соятын орынның, тері зауыттары жұмысшыларының және жергілікті орыс-қазақ мектептері мұғалімдерінің арасына тарату үшін бұл листовкаларды әзірге белгісіз адамдар Ашхабад, Красноводск және Александровск арқылы Ташкенттегі социал-демократтар ұйымдарынан құпия жеткізген» деп жазды (92.88,89). Демек, елін, жерін қалмақ, орыс басқыншыларынан қорғап, басын бәйгеге тіккен Есет, Алтай, Арал, Наурызәлі батырлардың, Бәйке, Бике, Ботакөз, Сапар арулардың, Әжібай, Қаратау, Қабыл билердің, Сырым, Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқандардың заманындағы халықтық толқу Ойыл бойында әлі де тоқтамаған.

Романовтар әулетінің үстемдік еткеніне үш жүз толып, қашан да құдды құдасы келгендей құшағын жая ұмтылуға дайын тұратын қазақ осы салтанатқа әзірленіп, алашапқын болып жатқан күндердің бірінде, яғни 1913 жылғы 16 шілдеде Бақытжан Қаратайұлы кезекті сапармен Ойылға келді. Осыдан тұп-тура алты жыл жеті ай бұрын Мемлекеттік Думада қазакқтардың, оның ішінде Орал қазақтарының байырғы жерін пайдалана алмай отырғаны жайлы ашына сөйлеген, «1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясында социал-демократтардың аграрлық бағдарламасы туралы» атты еңбегінде В.И.Ленин оның осы сөзін жоғары бағалап, оған сілтеме жасаған белгілі заңгердің Ойыл даласына бұл келуі тегін емес-ті. Мақсаты ата жұртына тағы бір қилы күндердің төніп келе жатқанын сезіп, содан сақтандыру, жәй сақтандыру емес, жалаңтөстік, аламандық мінезбен тағы да ұрынып қалмай ақылмен әрекет қылуға, ру болып жаға жыртыспай ұлт болып ұйысуға үгіттеу еді.

Бүкіл Кіші жүздің ұлы ханы Әбілқайырдан өрбіп, Нұралы ханның ұлы Қаратай сұлтанның қара шаңырағын ұстап отырған Бақытжанның қара басына біткен бақ та, білім мен дәулет те жеткілікті еді.

Қазақтың бір туар ұлдарының бірі Райымжан Марсекұлы сол қарсаңда «Айқап» журналында: «Ресейдегі халықтар өз мұқтаждарын айтып, үкіметтеріне сұрау салып жатыр. Осылай, жоқ-жітік күйімізде, біреулердің билеп-төстеуінде жүре береміз бе, басымызды қосып, ертеңіміз жайлы ойласайық деп жатыр, қазақтар әзірге тыныш, біздің де мандайымыздың шылқып жүргені шамалы, әрекет етпейміз бе?», — депті. Сол пікір қазақ зиялыларының елге шығып, ауыл адамдарымен ақылдасуға түрткі болып еді. Бақытжанның Ойылға кезекті сапарының сыры осында болатын.

Осыдан бір-ақ күн бұрын, 15 шілдеде ойылдық Ж.Тілеубергенұлы белгілі қазақ ағартушысы, «Айқап» журналының редакторы М.Сералыұлының қазақтардың тұңғыш съезін шақыру жөніндегі тілегін мақұлдап, жедел өз көзқарасын білдірген-ді. Журналдың 1913 жылғы 13 санында жарияланған «Бас қосу турасында» атты мақаласында: «Қазіргі күнде қазақ халқына бас қосуды, сиез ашуды бек керек деп білемін. Бұрынғы заманда үш жүздің баласының бас адамдары талай орында бас қосып кеңесіп, тарқаған екен. Европа халқы қандай ғана іс болса да бас қосып, ақылдасып тұрады. Патшалықтағы парламент һәм думалар сол бас қосудың ең соңғы һәм ең керекті пайдалы түрі. Ақылдасып істеген істің өкініші-арманы болмайды. Алла тағала хазіреті әр істі ақылдасып істеуге бұйырған жоқ па?» — деп өзекжарды ойын тарқатып еді. Дәл бір ай бұрын, 16 сыртанда (маусым) Хасен хазірет Нұрмұхаметұлы екеуі тап осында Б.Қаратайұлымен кездесіп, онда да осы ой әңгіме арқауы болып еді. Б.Қаратайұлы, Ж.Тілеубергенұлы, К.Шалқарұлы үш айдан кейін, жиырмасыншы қыркүйекте Оралдан Ж.Сейдалыұлының пікірін мақұлдап: «Сіздің сиез керек деген сөзіңізді бек ұнатамыз. Сиез әкімдердің рұқсатымен болсын, жұрттың мұқтажы турасында ақылдасайық, осы келешек халық жұмысына қызмет етуге біз даярмыз. Қалған сөздерімізді хатпен білдіреміз» деп тағы да жедел хат жөнелтті, ол «Айқап» журналының 1913 жылғы 16 санында жарияланды.

Жетісуда Б.Сыртанұлы, Семейде Р.Мәрсекұлы, Оралда Б.Қаратайұлы сияқты алаштың белгілі қайраткерлерімен бірге ойылдық Ж.Тілеубергенұлы да осы елдік бастамаға барынша күш салып еді. Б.Қаратайұлы екеуі сәуір айында ғана Орынбордағы зиялылар бас қосқан жиынға қатысқан-ды. Жиында олар «жер-жерге хабар жіберелік, мүмкіндігінше қазақ даласын тегіс қамтылық» деген ортақ пікірге келіп, кімді шақыру керек екендігін, хабарды қалай жеткізу қажеттігін ақылдасты. Троицкіде тәуелсіз адвокат болып жүрген Жаһанша Сейдалыұлына осындай жиынды өткізу үшін үкіметтен рұқсат алудың жолын қарастыру тапсырылды.

Құпиялық жағынан мейлінше мұқият болалық дегенмен, қазақ зиялыларының әр қадамын тыңшының иісшіл итінен әрмен қадағалап отыратын жандармерия қызметкерлері бәрібір біліп қойды. Орынбордың жандарм басқармасының бастығы генерал-майор Бабич Троицк және Жоғарғы Орал ояздарына, Верный қаласының қылмыстық іздестіру органдарына жолдау хаттарын бірінің соңынан бірін жөнелтті. Ротмистрлер Астраханцевтің, Кучиннің жауаптарынан патша жандармдарының бұған мейлінше мән беріп, қырағылықпен қарағаны байқалады. Съезге шақырылған жетісулық белгілі заңгер Б.Сыртанұлының, Троицкідегі адвокат Ж.Сейдалыұлының, Торғай облысынан белгілі қаламгерлер М.Дулатұлының, М.Сералыұлының әр қадамы олардың назарынан тыс қалмады. Ойылға соңғы сапары алдында Орал жандармериясы да Бақытжанды әдейі қызмет орнына шақырып, жанама сұрақтармен біраз уақыт ұстаған-ды. Бірақ көнігі заңгер, қоғам қайраткеріне тікелей кінә артуға дәттері бармай, дөң айбатпен ғана босатқан-ды. Осындай толып жатқан кедергілер игі бастаманы жүзеге асыруға ол жолы мүмкіндік бермеді. Дегенмен, бүкіл қазақ даласындағы сияқты Ойыл өңірінде де алдағы бір жойқын сілкіністің лебі сезіліп келе жатты.

1917 жылғы сәуірде Ресей патшасы тақтан құлатылды. Уақытша үкімет билікке келді. Қазақ зиялыларының Ә.Бөкейханұлы бастаған он бес өкілі іле-шала «Қазақтарға, жаңарған Ресейдің ерікті азаматтарына» үндеу-мәлімдеме таратты. «Ресейдің барлық халықтары үшін бостандықтың, теңдіктің және туысқандықтың күні туды. Жаңа қоғам мен жаңа үкіметті қолдау үшін қазақтар ұйымдасу керек. Жаңа қоғамды қолдайтын барлық ұлттармен байланыса жұмыс істеу қажет. Қазақтар Құрылтай жиналысына дайындалып, лайықты кандидаттарды белгілеулері керек. Біз сіздерді ескі қазақшыл айтыстар мен отбасының ұрыс-керісін тастауға шақырамыз, халықтың ұраны — бірлік пен әділеттілік», — деп жар салды. Ойылдын учаскелік ауруханасында дәрігер болып қызмет атқарып жүрген Х.Досмұхамедұлы дереу қазақ зиялылары жиналып жатқан Орал қаласына аттанып кетті.

1917 жылғы 19-22 сәуір. Орал. Ақпан төңкерісінен кейін бар болғаны екі айдың айналасында Орал қазақтары тез ұйымдасып, елдегі жағдайға өз бағасын айту үшін шұғыл жиналды. «Не болды, не істейміз?», — дейтін сұрақтар көпшіліктің жүрегін жаулап алғаны сонша, сол шұғыл шақырылған съезге сегіз жүз делегат келді. Егер кейінгі осындай жиындардың бәрінде де оған қатысқандардың саны бес жүзден аспағанын еске алсақ, бірінші съезге ел үмітінің қаншалықты жоғары болғанын көреміз.

Съезд делегаттары князь Львовка, яғни Уақытша үкіметке, Мемлекеттік Думаның төрағасы Родзянкоға, Петроград жұмысшы және солдат депутаттары кеңесі мен Әділет министрі Керенскийге құттықтау жеделхаттарын жолдады. Демек, алаш зиялылары әп дегенде билік басындағы Қос өкіметтің екеуін де кеудеден итерген жоқ. Екеуінің де «еңбегіне» жеміс тілеп, қайсысын қашан, қалай қолдайтынын тағдырдың таңдауына қалдырды.

Ақпан төңкерісінен кейінгі бұлыңғыр күндерде ойылдықтар да құдайдың берерін көктен тілеп қол қусырып, қарап отырмаған, өз тағдырына өздері бей-жай қарай алмай, күрескерлік пиғылдағы қозғалысқа саналы түрде қосылған. Оны «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 24 наурыздағы 223-санында жарияланған, біріне-бір қарама-қарсы көңіл-күйдегі мақала мен Ресей Федерациясының Мемлекеттік мұрағатында сақтаулы құжаттан (93) көреміз. Алғашқысы 13-15 наурызда бірінші және екінші Ойыл болыстары ел ағаларының жиналысы болғанын, жиналыс «жұртты жаңа үкіметтің, әр түрлі қазақ һәм басқа жұрттардың ұйымшылдық өкілдерімен» әріптесуге, сол үшін Ойылда өлкелік қазақ атқару комитетін құрып, төрағалығына Ораш Досмұхамедұлын сайлағанын, жергілікті жерлерде осындай комитеттер құрып, Оралдың облыстық комитетіне өкілдер жіберуге шақырғанын хабарласа, екіншісіндегі ақпарат бұған қарама-қарсы. 1917 жылғы 11 сәуірде Петроградтың жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесіне жолдаған жеделхатында Шипов болыстық комитетінің төрағасы Чишко, хатшысы Оборкин, мүшелері Каробов, Ярошенко, Рудаев, Пикалов, Шестаков, Ойыл казактары командасының төрағасы *(құжатта осылай жазылған — С.Б.)* Горюков жергілікті лауазымды тұлғалар, атап айтқанда бітімгер сот Глебов, адам дәрігері Досмұхамедұлы, мал дәрігері Алексеев, фельдшерлер Галеев пен Исағаев, бітімгер соттың аудармашысы Медетов Шипов болысының атқару комитеті мүшелігіне өз кандидаттарын ұсынды. Халық оларды қолдамады, олар сол жиналыста мұсылмандарды орыстарға қарсы айдап салып, кек алуға шақырды, сөйтіп өз болыстарында, кенттерінде өздерінің ерекше комитеттерін құрып, сол комитеттердің құрамына сайланды. Олардың қызметі мұнымен шектелмей отыр, айталық жаңағыдай комитеттердің бірінің мүшесі, мал дәрігері Алексеев халық арасында жәрмеңке кезінде қазақтар жерді орыстардан тартып алады деген қауесет таратуда. «Мұндай қауесет орыс тұрғындардың кәдімгідей аландаушылығын туғызуда, бұл туралы облыстық, ояздық комитеттерге хабарладық, бірақ нәтиже болмай отыр» деп шағынды.

Осындай сипаттағы жергілікті қақтығыстар съезд делегаттарына жақсы таныс еді. Сондықтан олар Қос өкіметтің қай-қайсысына болсын іш тартып, құлай кетпеді. «Біз монархияның мәңгілікке күйрегеніне қуаныштымыз, бірақ Ресейдің өзі өз елін қалай билеу керек екенін білмей, әуре-сарсаң болып жатқан күндерде «шалажансар алпауыттың» құйрығынан ұстап қалғымыз келмейді, біз өз жолымызды іздейміз, ол — демократиялық республика», — десті съезд делегаттары. «Ұлттық аумақтық республика ма, жоқ әлде ұлттық аумақтық федеративтік республика ма? Оны уақыт көрсетеді, әзірге құрылтай сайлайтын федеративтік демократиялық республиканы қолдаймыз. Ал жергілікті өзін-өзі басқару мәселесі келесі съезде шешілуі тиіс», — десті олар.

Өлкелік комитет 22 сәуір күнгі отырысында 10 тармақшадан тұратын хаттамасының 7-тармақшасына былай деп жазды: «Съезд Орал облысы қазақтарының екінші съезін осы жылдың 1-5 маусымында Көкжар жәрменкесінде өткізу қажет деп есептейді. Съезд қабылдаған жергілікті өзін-өзі басқару туралы ереже негізінде облыстық қазақ управасын сайлау үшін сол съезде облыстық қазақ комитеті мүшелерінің жиналысы өткізілуі тиіс». Демек, алаш қозғалысының ең алғашқы күндерінен бастап-ақ Ойыл өңірі саяси оқиғалардың маңызды алаңдарының біріне айналды.

Съездің бірінші күнгі отырысында облыстық комитеттің құрамына жиырма адам сайланса, соның сегізі, атап айтқанда Ж.Досмұхамедұлы, Т.Сарбөпеұлы, Д.Күсіпқалиұлы, Б.Жанқадамұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ы.Топайұлы, К.Жәленұлы, С.Омарұлы «Ойыл уалаяты Уақытша үкіметінің» немесе Ойыл оязының саяси қызметіне тікелей араласқандар. Сондай-ақ, съездің екінші күнгі отырысында жер мәселесіне қатысты қабылданған қаулыға Ойыл жәрмеңкесі аумағында қазақтар мен татарларға өз құрылыстарын жүргізу құқығын беру жөнінде арнайы тармақша енгізілуі, белгілі қайраткерлер Жанша, Халел Досмұхамедұлымен, Ғ.Әлібекұлымен, Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметі жанындағы дін басқармасын басқарған Қ.Ахметжанұлымен бірге ойылдықтар, мұғалім Ә.Сұбханұлынын, Х.Нұрмұхамедұлы хазіреттің Мәскеуде өтетін Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайлануы, ал үшінші күні Ойыл және Темір жәрмеңкелерін басқаруға қатысты жеке қарар қабылдануы, осы айтылғандардың айғағы болса керек.

Екінші съезд көрсетілген мерзімде Көкжар жәрмеңкесінде өтті. Ойылға Жанша, Халел Досмұхамедұлдары, Ғ.Әлібекұлы бастаған, осы өңірге кең танымал бір топ зиялылар келді. Съезд облыстық комитеттің мүшелерімен бірге қазақтың тұңғыш жергілікті өзін-өзі басқару органы — Жайык сырты земство управасын сайлап, онын төрағасы болып Дәулетше Күсіпқалиұлы сайланды. Ол Мәскеу университетінің медицина факультетін 1900 жылы бітірген, кейін осыған қоса заңгерлік мамандығын алған, дәрігерлік қызметін атқара жүріп, «Қазақ» газетіне жалпы денсаулық, сондай-ақ кейін батыс өңірде жиірек кездесіп кеткен оба ауруынан сақтандыру тақырыбында жиі мақала жазып тұратын сергек ойлы азамат болатын. Осы ауруға қарсы күрес шараларын ұйымдастыруға да қатысқан және оба ауруына қатысты проблемалар туралы Самарада өткен ғылыми конференцияда арнайы баяндама жасаған белгілі дәрігер және ел ішіндегі күнделікті тіршілікте жиі кездесетін кикілжіңдерге әділ төрелік айтып, көпшіліктің алғысын алып жүрген заңгер де еді.

Ойылдағы Жайық сырты земствосының сайлануы тек осы Ойыл өңірінде ғана емес, бүкіл қазақ даласында жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа үлгісін жасауға бағытталған алғашқы батыл қадамды. Бүкіл қазақтың мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, қалай соғары белгісіз өмір толқынына ескексіз қайығын салып, алдағы жылтыраған әлсіз сәулеге басын бәйгеге тіге ұмтылған зиялы шоғырдың Алаш үкіметін құру үшін бас қосқан тұңғыш тарихи съезіне дейінгі аса маңызды әрекет еді. Оралда және Ойылда өткен екі съезд әрлі-берлі ырғай тартыс үстінде тәжірибе жинақтап, алдағы іс-қимылдың бағдарламасын айқындауға мүмкіндік берді.

Зиялы кауым Ресей империясының күйреуін мейлінше тез, бірақ түбегейлі сараптап пайдалануға, әзірге қандай түрде болсын, дербес ұлттық мемлекеттіліктің негізін жасап алуға бар күш-жігерін салды. Іс жүзінде соншалықты үлкен аумақта, саяси көзқарастары қарама-қайшы күштер жан-жақтан анталаған жағдайда, әрі қысқа мерзімде, әрі мемлекеттіліктің белгілерін соншалықты мол қамти отырып дербес үкімет құрудың мысалы тарихта сирек кездесетін құбылыс. Жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылы қарсаңында қазақ даласы осындай құбылыстың куәсі болды. Үш бірдей үкімет өмірге келді.

Біріншісі — Түркістан автономиясы. Жетекшісі — М.Шоқай. Бар болғаны үш айдай, яғни 1917 жылғы қараша мен 1918 жылғы ақпан айлары аралығында өмір сүрді.

Екіншісі — Алашорда үкіметі. Жетекшісі — Ә.Бөкейханұлы. 1917 жылдың желтоқсанынан 1920 жылдың наурызына дейін ресми билік құрды.

Үшіншісі — Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметі. Жетекшілері — Ж.Досмұхамедұлы, Х.Досмұхамедұлы. 1918 жылдың мамыр айында құрылып, сол жылдың қыркүйек айында таратылды. Төрт айдай ғана өмір сүрді.

Басқалары сияқты, Ойыл уәлаяты Уақытша үкіметінің де мақсаты зор еді. Ғасырлап бойға сіңіп қалған бодандықтың кегежей қасіретінен бе, жоқ әлде жалпыға бірдей әлеуметтік бақыт ұранының тым күштілігінен бе, әйтеуір алты алаштың баласы сын сағатта бастары бірікпей ақыры «Алатауды алты айналып іздесе де таба алмайтын» арыстарын көгендеп берумен тынды...

1918 жылғы 30 шілдедегі санында тұман арасынан жарық іздеген «Қазақ» газеті «Уақытша Ойыл уәлаятының үкіметі» атты мақаласында: «Жан-жақтан жер ала алмай қамалып, не қыларға білмей сасып тұрған елді, жарым көңіл шағында алдына барып, түлкіше құйрық бұлғаңдатып арбасақ, сенің артыңа еріп кететіні анық. Бірақ, ондай өрмекшінің үйіндей шірік негізге құрылған сасық саясат көпке бармайды.

Жүре келе тұрмыс ізіне түсіп, ақиқат талқысына салынып шарт етіп сынып кетеді. Бір облыстың жеріндей біраз елінен әкімшілікке сусаған бір үйір ишанын бөліп алып үкіметті жасау баланың ойындай бір іс.

Ойыл үкіметін Оралдың қара қазағы мен риядан пәк азаматы түпкілікті бір үкімет деп тұрмайынша, олардың былтырғы жалпы қазақ-қырғыз батасынан шығып жеке қонбайтынына көзіміз жетеді. Сондықтан бетеге кетіп, бет калғанда зиялы ишан мен фуражкалы милиция өз-өзінен құлар. Алаш бірлігіне сусаған шын ұлтшыл қазақтар Орал облысынын ісін өз қолдарына алар», — деп жазды (94).

Шындығында дәл солай ма? Жанша да, Халел де жаңа ғасыр табалдырығында алаштың туын көтеріп, оны тіктеп кетуге өлшеусіз үлес қосқан және осы ұлттық идеяны мейлінше батыл және ақырына дейін ақылмен қорғай білген ірі тұлғалар. Ал екінші жалпы қазақ съезіндегі айтысты жікшілдікпен немесе билік басындағы саяси күштермен байланыс жасауды «құйрық бұлғаңдатумен» шатастыруға болмайтындығын уақыттың өзі көрсетті.

«Ойыл уалаятының Уақытша үкіметі» құрыларда ішкі жағдай өте күрделі болатын. Бұл кезде ел іші әбден бүлініп, «атып кетіпті», «бауыздап кетіпті» деген сияқты үрейлі хабарлар әр жерден жиі естіліп жататын. «Алаш автономиясының құрылғанын» жария ету үміті үзілуге айналды. Жанша Досмұхамедұлы мен Халел Досмұхамедұлының Орталық Алашорданың атынан Мәскеуге барып, В.ИЛенинмен және И. В. Сталинмен жүзбе-жүз жүргізген келіс-сөзінің нәтижесі көрінер емес. Кеңес көсемдерінің осыдан үш ай бұрынғы Алаш автономиясын мойындау жөніндегі уәдесі аяқсыз қалды. Оның үстіне 29 наурызда Оралдағы билік қайтадан атаман Мартыновтың қолына көшті. П.Дмитриев бастаған Совдеп тізе бүкті. Жетінші казак полкі Оралда әскери тәртіп орнатты. Казактар бес қаруын асынып, ел ішіне шықты. Олардың ел ішіне шығуы әр түрлі зорлық, зомбылық, тіпті қылыштап кету сияқты көрінеу бассыздықпен ілесе жүрді. Олар сөйтіп үрей таратып, большевиктер әкелген жылымықты жөргегінде тұншықтыруға тырысты. «Не істеу керек? Жайық казак-орыстарының бассыздығын қалай тоқтатуға болады? Қолымызда кару жоқ, оның басты жолы большевиктерге сенімсіздік көрсету», — деді Жанша.

Орталық Алашорда да осы бағытты ұстанған-ды. Сөз жүзінде байланысты толық үзбегенмен, іс жүзінде большевизмнен де, казактардан да іргесін аулақ салып дербес әрекет етуге көшкен, автономиялық құрылымға бет түзей бастаған облыстық қазақ комитетін жоғарыдағы жағдай амалсыз тез шешім қабылдауға итермеледі. Өңірде демократиялық үрдісті С.Датовтың «Халық кеңесі», Жәңгірдің ішкі Орда проктораттық хандығы бастап кеткені белгілі. Енді осы үлгілі істі жаңа заман талабына ыңғайластырып, одан әрі дамыту қажеттігі қимыл-әрекетті жеделдетті. Міне, осы мәселені шешу үшін іштей аңдысқан, әбден ширығып, білтелі мылтықтың тұтануына сәл қалған күндердің бірінде оралдықтар соңғы бір жылдың ішіндегі төртінші съезіне жиналды.

..1918 жылғы 18-21 мамыр. Жымпиты. Төртінші съезге келген үш жүзден астам делегат он алты мәселе бойынша өз бағыттарын айқындады.

Жаңа басқару органы құрылды. Ол «Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметі» деп аталды. Үкімет құрамына Ж.Досмұхамедұлы (төраға), Х. Досмұхамедұлы (төрағаның орынбасары), мүшелері болып Д.Күсіпкалиұлы, С.Омарұлы, Қ.Асанұлы, Ғ.Қошдәулетұлы, С.Сарығожаұлы сайланды. Мақсат Тәж-Мұраттың «Батыс Алаш- Орда» атты еңбегінде осы қайраткерлер туралы да құнды деректер келтірілді (95).

1991 жылы «Ана тілі» баспасынан Х.Досмұхамедұлының «Аламан» атты еңбегі араға алпыс жылдан астам уақыт салып қайта жарық көрді. Кітаптың редакторы едім, құрастырушылар — жас ғалымдар Ғ.Әнесов, А.Мектепов, Ш.Керімов және қазіргі белгілі қаламгер М.Құлкенов бәріміз кітаптың сүйінші данасын алып Халелдің қызы Қарашаш апайдың үйіне барғанда оның әкесі, әкесінің досы Жанша туралы айтқан біраз деректері ішінен мына бір әңгімені оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдім.

С.Петербург университетінде оқып жүрген кезінде Жанша бұрынғы Черняев, қазіргі Шымкент қаласының оязы болған генерал К.Колоссовскийдің қызы Ольгамен танысып, соны бір-бірін қимастық сезімге ұласады. Бірде екі ғашық аксүйектер кешіне барады. Сән-салтанаты ернеуінен асқан орта, паңдыққа, кербездікке ішпей мас болған кілең тектінің тұқымдары. Далалыққа қалалықтың шөки мінезімен бір жас офицер рұқсат сұрау түгіл, Жаншаға тіпті көз қырын да салмай Ольганы биге шақырады. Ольга мойнындағы көк түлкінің құлпырған терісін Жаншаға ұстата салып, биге шығуға ыңғайланады. Намыстан өртенген Жанша оны қызға кері лақтырады да, шалқақ басып кештен кетіп қалады.

Бірақ махаббат жөні бір бөлек, қанша азабын тартса да шыдайды, иілмейді. Бірде дүкен сөресіндегі «Сүйесің бе, сүймейсің бе?» деген жазуы бар тәттіге көзі түседі. Жігіттің жүрегі дір етіп, жаңағы тәттінің тұтас бір қорабын сатып алады да, Ольганын үйде жоқ кезін аңдып жүріп, оны қыздың бөлмесіне қойып кетеді. Көп ұзамай қыздың өзі жігітті іздеп келіп, кешірім сұрайды.

Екеуінің үйленіп, елге келген сәтіндегі мына сәті де қызық. Генералдың қызы, дәулет жетеді. Жасауына қарайтын көз керек. Қыз артынан келген мол байлық әдеттегідей жақын-туыстардың алдына жайылады. Жаншаның жақын жеңгелерінің бірі ата дәстүрімен сол мүліктер арасындағы көз жауын алатын алтындаған дастархан бұйымдарын қалайды. Дүниенің байлығы ғой, оны кімнің көзі қияды. Әдепті жас келін байқатпай шығып кетіп, бөлмесінде көз жасына ерік береді. Бірақ тез бойын жиып, жуынып, сүртініп, түк болмағандай ортаға қайтып келеді. «Алтыннан айрылса да, жат ортадағы алғашқы сынақта жарына деген адал махаббатын сақтап қалды. Кейін Жаншаның басына қара бұлт төнген ауыр күндерде ең қимас досы да бола білді. Өмірден де сол күйінде өтті. Ерекше сұлу жаратылған жан еді!» дегенді толқи отырып айтып еді Қарашаш апай.

Дәулетше Күсіпқалиұлы — төре тұқымы. Нұралы ханның Орманынан туған Күсіпқали 1869-70 жылдары Кіші жүз қазақтарының патшалық әкімшілік жүйесіне қарсы көтерілісін басқарды. Жеңілістен кейін Ресейге жер аударылып, Дәулетше сонда дүниеге келді. Бірақ кейін ата-анасымен бірге атамекенге — Ойылмен араласып жатқан Қаратөбеге оралып, бүкіл саналы өмірі туған жердің тағдырымен тамырлас өтті. Императорлық Мәскеу университетінің медицина факультетін үздік бітірді.

Ғылыми медицинаның қазақ даласына дендеп енуіне дәрігер ретінде де, сондай-ақ ұйымдастырушы ретінде де өлкеде осы саланы дамытуға зор үлес қосты. 1920 жылы наурыз - шілде аралығында Қазәсревкомның денсаулык сақтау бөлімін, кейін Жымпиты ояздық ауруханасын, Тайпақ дәрігерлік учаскесін басқарды.

1915-1916 жылдарда сауда-кәсіпкерлік қызметтің өрістеуіне, шағын несиемен жұмыс істейтін шаруашылықтар, несие беретін ұйымдар құруға ұйтқы болды. Мал тұқымын асылдандырумен айналысып, бір өркешті бактрия түйелері мен жергілікті тұқым арасынан төзімді де өнімді жаңа нар тұқымын өсіріп шығарды.

Ақпан желіне кеудесін қуанышпен тосып, іле-шала, яғни 10 наурызда Жайық сырты бөлігі облыстық комитетіне, бір айдан кейін Орал облыстық қазақ комитетіне мүше болып сайланды. Ойыл уәлаятының Уақытша үкіметіне Дәулетше қоғамдық қызметтің осындай сатыларынан өтіп келді.

1928 жылғы күзде «жартылай феодал», әрі бұрынғы Алашорда қайраткері деген айып тағылып, Жетісуға жер аударылды. 1944 жылы Семей облысы Абай аудандық ауруханасының бас дәрігері қызметінде өмірден өтті.

Қалдыбай Асанұлы — қожа, Саратов университетінің экономика факультетін бітірген, қазақтың алғашқы жоғары білімді экономистерінің бірі. Үкімет шешімімен Ойыл уәлаяты жігіттерінен Халық әскерін құру, дәулет иелерімен байланыс орнатып, олардан астық пен жылқы сатып алу ісіне, аудандық кооперативтер жұмысын жандандыруға мол үлес қосты. Жымпитыдағы оқиғадан кейін оған ондағы шаруашылық жағдайын жақсарту міндеті жүктеліп, Күнбатыс Алаш-орда интенданты болып тағайындалды.

Алаш қайраткері 1920 жылы және 1937 жылы бірнеше қайтара саяси қылмыскер деген айыппен тұтқындалып, соңғы жылдың 15 қарашасында атылды, 1957 жылғы 15 шілдеде ақталды.

*Материалдар жазушы Сырым Бақтыгерейұлының 2009 жылы «Фолиант» баспасынан шыққан «Ойыл» кітабынан алынды.*

*(Жалғасы келесі санда)*

## ҚҰРМЕТТІ САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР!

Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, Салық кодексінің нормаларына сәйкес 2020 жылғы бюджетке жеке тұлғалар үшін көлік құралдары салығын төлеу мерзімі есепті салық кезеңінен кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмейтін күн болып табылатынын хабарлайды. Осыған орай 2020 жыл үшін көлік салығынан берешегі бар төмендегі жеке тұлғалардың бюджет алдындағы берешегі уақытылы төленбеген. Тізімде жеке тұлғалардың 2020 жыл үшін көлік салығынан берешек негізгі төлемдері екенін ескертеді. Өсімпұлдар бойынша Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына келу және 2-18-53, 2-16-76 нөмірлеріне қоңырау шалу арқылы білуге болады.

| Салық төлеушінің аты-жөні | Қарыз көлемі |
|---|---|
| ЕСЕНГАРИН САКЕН МАРАТОВИЧ | -75290 |
| ХАСАНОВ АМАНЖОЛ СЕМБАЕВИЧ | -61696 |
| ИМАГАМБЕТОВ КУАНЫШБЕК УАЛИЕВИЧ | -49384 |
| ТАЙГУЖИЕВ РУСЛАН САЛЫКЖАНОВИЧ | -43237 |
| НИЯЗУЛЛИН АРТУР КАНСУЛЛАЕВИЧ | -38056 |
| АҚЕДІЛОВ АЙЗАТ АҚЕДІЛҰЛЫ | -31978 |
| КОЙШЫБЕКОВ САМАТ АМАНЖОЛОВИЧ | -31620 |
| ТОЛЕГЕНОВ МАНСУР САГЫНБЕКОВИЧ | -30376 |
| ЖУМАГАЛИЕВ КАНАТ ЖАРАСОВИЧ | -27274,5 |
| БАТЫРГАЛИЕВ НУРЛЫБЕК ЕНСЕГЕНОВИЧ(ИП Батыргалиев Н.Е.) | -26243 |
| ӨТЕГЕНҰЛЫ ОМАР | -25959 |
| КАЛИЕВ САНАТ ЖУМАБЕКОВИЧ | -25360 |
| ЖУМАГАЛИЕВ КАЖЫМУРАТ МАТЖАНОВИЧ | -24437 |
| АБДРАХМАНОВ КОГАБАЙ | -22743 |
| КУМИСКАЛИЕВ ТАЛГАТ ЖОЛДАСОВИЧ | -22627,66 |
| ТУЛЕГЕНОВ МАКСАТ АРИЕВИЧ | -22500 |
| СИСЕНГАЛИЕВ АЛМАТ БАЗАРГАЛИЕВИЧ | 14244 |
| УТЕШОВ АМАНГЕЛДЫ ЖАНАХМЕТОВИЧ | -19767 |
| АРЫСТАНОВ КАНАТ КЕНЕСОВИЧ | -19709,39 |
| ДОШИМОВ КУАНЫШ САТКИНОВИЧ | -19532 |
| БАЗАРОВ ДАРХАН БАЗАРОВИЧ | -19406 |
| МАКСИМОВ КАСЫМЖАН ЕРСУЛТАНОВИЧ | -19221,36 |
| КАРЖАУЛОВ АЛИБЕК ЖАПАТОВИЧ | -19021 |
| АШЫКБАЕВ АРАЛБАЙ КАБДОШОВИЧ | -18960 |
| РАУШАНОВ ИСАТАЙ АМАНТҰРЛЫҰЛЫ | -18557 |
| ШЕГИРОВ МАРАТ ТУРУМБАЕВИЧ | -18557 |
| НУГЫМАНОВ ЕРСУЛТАН БАЙСУЛТАНОВИЧ | -18462 |
| ИМАНГАЗИН ДАУРЕН САРСЕНГАЛИЕВИЧ | -18275 |
| ТУЛЕУБАЕВ АСКАР АХМЕТЖАНУЛЫ(Айгерим Бота шқ) | -18265 |
| ЖАБАСОВ НУРБЕК МАКСУТОВИЧ | -17912 |
| БАКИЕВ МАНАС ТЫНЫШҚАЛИҰЛЫ | -17872 |
| ОРАЗГАЛИЕВ АСХАТ АБДИКЕРОВИЧ | -17491 |
| АЗАМАТОВ НУРБОЛ РЫСКАЛИЕВИЧ | -16900 |
| ТӨЛЕПБЕРГЕН АСЛАН ӘЖІҒҰЛҰЛЫ | -16872 |
| ҚАЛИЕВ РУСЛАН ЕДІГЕҰЛЫ | -16209,48 |
| РЫСЖАНОВ АСЫЛБЕК АСАНГАЛИЕВИЧ | -15979 |
| ЖОЛДАСБАЕВ АЗАТ БИСЕНБАЕВИЧ | -14529 |
| ШАХАБАЕВ ҚАДЫРБЕК НҰРЛАНҰЛЫ | -12749 |
| АЖМҰХАНБЕТОВ ӨМІРБЕК ЫҚСАНҰЛЫ | -12038,13 |
| МУСИН АЛТАЙ ТЕМИРБАЕВИЧ | -11510 |
| ЕЛГОНДИН БОРИС КАЙЫРГАЛИУЛЫ | -11453 |
| ШУТЕНОВ КАЙРАТ КАЙЫРЖАНОВИЧ | -11439 |
| ҚОЙШЫБЕКОВА СҰЛУХАН СЕРІКҚЫЗЫ | -11439 |
| ЖУМИН НҰРСҰЛТАН НҰРЛАНҰЛЫ | -11425 |
| МЕРГЕНГАЛИЕВ АЛТАЙ КУДЫШОВИЧ | -11075 |
| МУХАНБЕТОВ СЕРИК КОЙШЫБЕКОВИЧ | -11061 |
| КУРМАНОВ БАЙТАК ЖАНАИСОВИЧ | -10848 |
| САҒИДОЛЛА МАДИЯР ДАУЫЛБАЙҰЛЫ | -10374 |
| НУРГАЛИЕВА ЖАННА АСКАРОВНА | -10352 |
| ЛУЦЕВ ВЯЧЕСЛАВ ВИКТОРОВИЧ | -10352 |
| ЖАУЫНБАЕВ БАҒДАТ БОЛАТҰЛЫ | -10352 |
| АРСЫЛАНБЕКҰЛЫ КЕЛДІБЕК | -10352 |
| МҰҚАШ МЭЛС ҚАЛЕКЕШҰЛЫ | -10352 |
| КАДЫРОВ ЕРКИН КУСПАНОВИЧ | -10053 |
| ТУЛЕУГАЛИЕВ АДИЛБЕК АБДОЛЛАЕВИЧ | -10053 |
| ТӨРЕҒАЛИЕВА АЙДАНА ҚАЗБЕКҚЫЗЫ | -10025 |
| БАЙСҰЛТАНОВ НҰРТІЛЕК ЕРСҰЛТАНҰЛЫ | -9941 |
| ИМАНОВ АЛПЫСБАЙ ЖАРЫЛҒАСЫНҰЛЫ | -9920 |
| УЗАКОВ МУХАМЕДЬЯР АБИЛХАНОВИЧ | -9475 |
| ОРЫНБАСАРОВ ЕРСАМАТ СЕРІКҚАЛИҰЛЫ | -9283 |
| ЕЛЕУОВ АЗИРЖАН АБДРАХМАНУЛЫ | -9239,66 |
| ЖҰМАҒАЛИЕВ ІҢКӘРБЕК ҚОБЫЛАНДЫҰЛЫ | -9194 |
| НУРГАЛИЕВ ЖАНАТ РАХМЕТКАЛИЕВИЧ | -8653 |
| БИСЕНГАЛИЕВ КАРШЫГА ДОШЫМУЛЫ | -8653 |
| МАЙЛАНОВ АРТУР САГЫНТАЕВИЧ | -8639 |
| ҚАЗИЕВА ГАУХАР ТЕМІРХАНҚЫЗЫ | -8639 |
| ШАУТЕНОВ ТӘҢІРБЕРГЕН ЕРБОЛАТҰЛЫ | -8632 |
| РАЕВ НҰРБЕРГЕН САМАТҰЛЫ | -8632 |
| ЖУМАГАЗИЕВ ДАУРЕН АКАНУЛЫ | -8625 |
| АХМЕТОВ НУРБЕК БИСЕНБАЕВИЧ | -8625 |
| АБДУЛЛИНА КАРАКОЗ АШИРОВНА | -8625 |
| АБИШЕВ БАУЫРЖАН ШЫНГУОВИЧ | -8624,73 |
| ЗАБИРОВ ДАМИР МАРАТОВИЧ(ИП Забиров) | -8618 |
| АМАНЖОЛ ЕРБОЛ АМАНЖОЛҰЛЫ | -8539 |
| ИМАНОВА МАРХАБАТ НУРЛЫБАЕВНА | -8436 |
| СУНДЕТОВ ЖОМАРТ ДУЙСЕНБАЕВИЧ | -8429 |
| ЖУБАТКАНОВ БЕРИК СЫРЛЫБАЕВИЧ | -8248 |
| ДӘУЛЕТОВ НҰРСҰЛТАН АСҚАРҰЛЫ | -8247 |
| АСЫЛБЕКҰЛЫ ТАЛАП | -8141,01 |
| ИХСАНОВ БЕРКИМБАЙ АБЫЛАЕВИЧ | -8023 |
| МЫСАҒАЛИЕВА КҮЛАШ СӘНДІБЕКҚЫЗЫ | -7980 |
| СУТЕНОВ КЕМЕЛБАЙ ТЕНЕЛОВИЧ | -7953 |
| БЕРЕКЕНОВ ҚҰСПАН ЖЕКСЕМБАЙҰЛЫ | -7953 |
| ҚИТАНОВ МАРАТ КЕНЖАНҰЛЫ | -7943 |
| ТАЛАСКАЛИЕВ АМАНТАЙ АЛПЫСОВИЧ | -7794 |
| ИМАНГАЛИЕВ АЛТАЙ БАКТИЯРОВИЧ | -7702 |
| КАИРГАЗИН КОЙШЫБАЙ КАРАЖАНОВИЧ | -7059 |
| ШИТАНОВ МАГЕЛЛАН АМАНГАЛИЕВИЧ | -7039 |
| ОРАЗБАЕВ ГАБИТ БЕРИКОВИЧ | -6647 |
| ЕСНИЯЗОВ ЕЛЖАС ӨТЕМІСҰЛЫ | -6492 |
| ЖАБАСОВ ЕРНУР НЫГИМЕТОВИЧ | -6280 |
| САҒЫНТАЙ САМҒАТ САҒЫНТАЙҰЛЫ | -5302 |
| ЖУСУБАЛИЕВА ГУЛБАНУ САГИДУЛЛИЕВНА | -5302 |
| КАЗЫГУЛОВ НАРТАЙ САИЛАУОВИЧ | -5302 |
| КЕНЖЕҒАЛИЕВ ЕРЛАН | -5302 |
| ЕГІЗБАЕВ АРШАТ АЛПАМЫСҰЛЫ | -5302 |
| ТУРГАЛИЕВ САГЫНДЫК КУАНДЫКОВИЧ | -5302 |
| САМАТҰЛЫ САЙРАН | -5217,07 |
| МУРСАЛИМОВ ТҰРЛАН ОРЫНБАСАРҰЛЫ | -5050 |
| ШАРИПОВ МУСА САГИДОЛЛАЕВИЧ | -5024 |
| ЖАЙЛЫБАЕВ АНУАР САЙЫНОВИЧ(Крестьянское хозяйство «Жазира») | -4828 |
| РАХМЕТОВ НАУРЫЗБАЙ БОЛАТҰЛЫ | -4286,39 |
| КАЛИЕВ СЕРИК БИСЕМБИЕВИЧ(ИП КАЛИЕВ С.Б.) | -4198 |
| РЫСЖАН ТЕМІРХАН ЕСЕНАМАНҰЛЫ | -4138 |
| КАЛИЕВ СЕРИК БИСЕМБИЕВИЧ | -3796 |
| ТАСАНОВ АЛЕКСАНДР ЖАНБУРШИЕВИЧ | -3651,34 |
| САГИЕВ АМАНГЕЛДІ САҚЫПҰЛЫ | -3569 |
| БАЗАРБАЕВ ЖАҢАБАЙ АЯЗБАЙҰЛЫ | -3220 |
| УТЕШЕВ ЕРНАР АСХАТОВИЧ | -2871 |
| САТЫБАЛДИН АЙДОС ЕРЛАНОВИЧ | -2835 |
| ЖАНАТОВ ТОҚТАР ЖАНАТҰЛЫ(ИП «Жанатов Т.Ж.») | -2783 |
| ТАПАНОВ БЕРИК ЕРЖАНОВИЧ | -2650 |
| ИЗГАЛИЕВ КАНАТ МАНСАТОВИЧ | -2399 |
| ДЕМЕУОВ КУАНЫШКАЛИ ТАПАЕВИЧ | -2214 |
| АСАНГАЛИЕВ РУСЛАН КАНСУЛТАНОВИЧ | -2209 |
| СУЛТАНОВ ШЕРНИЯЗ ЕРМЕКОВИЧ | -2160 |
| ТӨЛЕПОВ БЕКЖАН ЖАЛҒАСҰЛЫ | -1767 |
| ОРЫНҒАЛИЕВ ЖАЙДАР ТАЛҒАТҰЛЫ | -1767 |
| ДҮЙСЕНҒАЛИЕВ САҒИЗАТ АЙЖАРЫҚҰЛЫ | -1736 |
| ИСИКБАЕВА БАГДАГУЛ СЕРИКОВНА | -1559 |
| НУРМУХАНОВ АРМАН ЖЫЛКЫБАЙУЛЫ | -1551 |
| АСЫЛБАЕВ КУРАЛ КОБЛАНОВИЧ(Асылбаев) | -1545,333 |
| ҚАЛЕШ АСҚАР ҒАЛЫМҰЛЫ | -1438 |
| АСЫЛБАЕВ КУРАЛ КОБЛАНОВИЧ | -1276 |
| ЖУБАНКЕНОВ ГАЛИ СЛАМГАЛИЕВИЧ | -1000 |
| ХАМИДУЛЛИН НАРЫМБАЙ АРАЛБАЙҰЛЫ | -907,05 |
| ИМАНҒАЗЫ АЛМАС АМАНЖОЛҰЛЫ | -738 |
| ШАҢБАСОВ ЖЕҢІСБЕК АМАНЖОЛҰЛЫ | -719 |
| ХИТРУК ЕЛЕНА КУРМАНГАЛИЕВНА | -470,44 |
| САҒЫНДЫҚОВ САЯН АУБАКІРҰЛЫ | -442 |
| САТЫБАЛДИН МЫРЗАЛЫ АЛПЫСБАЕВИЧ | -417,55 |
| ДАБЫЛОВ ӘМІР | -378 |
| САПИЕВ НУРЛЫБАЙ ЖАМБЫЛОВИЧ | -378 |
| ОРАЗГАЛИЕВ САМГАТ АРЫСОВИЧ | -72,51 |

## 2021 ЖЫЛДЫҢ III ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ҚАЙЫҢДЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

| Жергілікті атқарушы органның атауы | Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә.,лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| «Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ | Косдаулетов Иргизбай Тулеувич, Қайыңды ауылдық округінің әкімі | 2,9,16,23,30 шілде<br>6,13,20,27 тамыз<br>3,10,17,24 қыркүйек | Ақжар ауылы, Мектеп көшесі № 6 үй, | 74-8-10 |

**СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ**

«Қайыңды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының нөмірі 74-8-14. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында ұсыныс – пікір салу үшін сенім жәшігі орнатылған.

# АҚТӨБЕДЕ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫН БҰЗАТЫНДАР КӨП БОЛЫП ТҰР

Мобильді мониторингтік топтардан (ММТ) және жергілікті полиция қызметінен түскен материалдарға сәйкес, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 425-бабы 1- тармағы бойынша анықталған бұзушылықтарға 61 882 020 теңге көлемінде 525 айыппұл салынды. Оның ішінде, Координациялық орталықтардан түскен шұғыл хабарлама бойынша жоспардан тыс 50 объектіге тексерулер жүргізілді. Тексеріс қорытындысы бойынша 51 объектіге 7 977 955 теңге көлемінде айыппұл салынды, 50 ұйғарым берілді. Оның ішінде ұйғарым орындалмауы бойынша ҚР ӘҚБтК 462/3 бабымен 3 объектіге хаттама толтырылып, қарау үшін сотқа жіберілді («Оскар» караоке клубы, «Греенд Хаус» бары және «Лото клуб»), нәтижесінде соттың шешімімен айыппұлдар салынып, бір айға қызметтері тоқтатылды. Карантин режимін бұзғандар қатарында мейрамханалар, кальян, лаундж бар және тағы басқа нысандар бар. Соңғы апта ішінде карантин режимін бұзушылық бойынша 73 материал түсті (ММТ – 51, жергілікті полиция қызметінен – 16, КЦ – 6). Оның ішінде, 20 материал қаралды, 44 материал – жұмыс үстінде (9 – дәлелдеу құжаттары жеткіліксіз болуына байланысты кері қайтарылды). Атап айтқанда, салтанатты іс-шара өткізгендері үшін «Мың бір түн», «Екі жүрек», «Алаша», «Серуен», «Хан сарай» ресторандарына, кафелерге және берперде режимін сақтамағаны үшін «Дина», «Анвар» супермаркеттеріне айыппұлдар салынды. Соны-мен қатар бұзушылықты жою жөнінде ұйғарымдар берілді.

**Ақтөбе облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті**

# АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ 04.08.2021 Ж. №30 ҚАУЛЫСЫНА ТҮСІНДІРУ

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында, сондай-ақ Ақтөбе облысының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып Ақтөбе облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 30.06.2021 жылғы №ПГСВ-24 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 04.08.2021 жылғы №ПГСВ-30 қаулысы (әрі қарай - №ПГСВ-30) шығарылды:

№ПГСВ-30 қаулыға сәйкес тыйым салынады:

- банкет залдары (мейрамханалар және дәмхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету), ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге де тыйым салынады;
- спорттық іс-шараларды өткізу, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге де тыйым салынады;
- облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) тасымалдардың қозғалысына, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге де тыйым салынады;
- марафондар (ашық ауада), ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге де тыйым салынады;
- компьютерлік клубтар, оның ішінде PlayStation клубтары (12 жасқа дейінгі адамдарды қоспағанда), ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 12-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 12.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- боулинг клубтары, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 12-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 12.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, филармониялар, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 07-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- мәдениет объектілері (дайындық), ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 07-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- бильярд, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 07-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- балалар ойын-сауық орталықтары (жабық үй-жайлардағы ойын алаңдары мен аттракциондар, батуттар және басқалар), ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 10-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін, жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, ауданы 500-ден 1000 ш. м. дейін бір адамға кемінде 10 шаршы метр, бірақ 30 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген кезде, ауданы 1000-ден 3000 ш. м. дейін бір адамға кемінде 10 шаршы метр, бірақ 50 адамнан аспайтын алаңмен қамтамасыз етілген кезде, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- караоке, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 10-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- қалааралық/облысаралық тұрақты автобустардың (шағын автобустардың) қозғалысына, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда;
- көрмелер, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша бір адамға кемінде 6 шаршы метр алаңмен қамтамасыз етілген, бірақ бір уақытта 150 келушіден аспайтын, толымдылығы 70% - дан аспайтын жағдайда жұмыс күндері жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады);
- цирктер, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда («ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін, толтырылуы 30% - дан аспайтын «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін, толтырылуы 40% - дан аспайтын жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, сенбі және жексенбі күндері жұмысына тыйым салынады).

Уақыт шектеулерімен жұмыс істейтін объектілер:

- сұлулық салондары, шаштараздар және косметологиялық қызмет көрсететін объектілері - алдын ала жазылу бойынша, сағат 09-00-ден 17-00-ге дейін рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасы бойынша жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, толтырылуы 50% - дан аспайтын «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін, толтырылуы 60% - дан аспайтын жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;
- ашық базарлар (азық-түлік, мал, азық-түлік емес) - жұмыс күндері сағат 16-00-ге дейін рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 19.00-ге дейін жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;
- жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес) - жұмыс күндері сағат 16-00-ге дейін рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 17.00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 19.00-ге дейін жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;
- Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері- сағат 09-00-ден 18-00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына сәйкес ХҚКО-лар сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істей алады;
- банктер, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері - сағат 09-00-ден 18-00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі;
- мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін, толтырылуы 60%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;
- жазғы алаңдар - жұмыс күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін, толтырылуы 60%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;
- асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері, алкогольдік ішімдіктерді сатпай, ұйымдастырылған ұжымдардағы асханаларды қоспағанда - жұмыс күндері сағат 07.00-ден 18.00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 30 орыннан асырмай жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, толтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін, толтырылуы 60%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;
- СОО, сауда үйлері, сауда желілері - жұмыс күндері сағат 17-00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін;
- моншалар - жұмыс күндері сағат 18.00-ге дейін жұмыс істеуіне рұқсат етіледі, ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін жұмыс істеуіне рұқсат етіледі;
- сауналар - жұмыс күндері сағат 09-00-ден 17-00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07-00-ден 20-00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін;
- СПА-орталықтар, бассейндер - жұмыс күндері сағат 09-00-ден 17-00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін;
- жабық спорт объектілері (спорт кешендері, спорт мектептері, спорт клубтары, жаттығу залдары), спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес клубы, соның ішінде йога орталықтары - жұмыс күндері сағат 09-00-ден 17-00-ге дейін жұмыс істеуге рұқсат етіледі, «ASHYQ» жобасына қатысатын объектілерге жұмыс күндері сағат 07.00-ден 20.00-ге дейін, «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар сағат 07.00-ден 22.00-ге дейін.

Жұмыс күндері жұмыс жасап, сенбі және жексенбі күндері жұмыс істеуіне тыйым салынған объектілер:

- ашық базарлар (азық-түлік, мал, азық-түлік емес);
- жабық базарлар (азық-түлік және азық-түлік емес);
- Банктер, ХҚКО, «Қазпочта» АҚ бөлімшелері;
- мейрамхана, дәмхана және кофехана типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері (үй-жайда);
- жазғы алаңдар;
- асханалар типі бойынша қоғамдық тамақтану объектілері, алкогольдік ішімдіктерді сатпай, ұйымдастырылған ұжымдардағы асханаларды қоспағанда;
- СОО, сауда үйлері, сауда желілері;
- моншалар, сауналар;
- СПА-орталықтар, бассейндер;
- жабық спорт объектілері (спорт кешендері, спорт мектептері, спорт клубтары, жаттығу залдары), спорттық-сауықтыру орталықтары және фитнес клубы, соның ішінде йога орталықтары.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1548 дана. Тапсырыс №817
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.**

# ХАЛЫҚ САНАҒЫ – ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ШАРА




Республика бойынша Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағының бірінші кезеңі биылғы жылдың маусым айында өткізілгені баршаңызға мәлім. Бірінші кезеңде сұхбатшылар аудандағы елді-мекендерді аралап жалпы үй мен ондағы адамдардың санын анықтаған болатын. Санақ жұмысы планшет арқылы электронды түрде жүргі-зіліп, базаға енгізілді.

Санақтың негізгі екінші кезеңі үстіміздегі жылдың 01-30 қазан аралығында өткізіледі. Екінші кезеңде сұхбатшылар санақ алына-тын үйдің әрбір тұрғыны бойынша сұрақтар қойып мәлімет толтырады. Алайда тұрғын-дар 1 қыркүйек – 15 қазан аралығында өз бетінше sanaq.gov.kz сайтына кіріп онлайн режимде санаққа қатысуға болады. Оған мүмкіндік болмаса 1-30 қазан аралығында сұхбатшылар барған уақытта санақтан өте аласыз.

Ауылдық округтердегі елді мекендерді аралап санақ жүргізетін сұхбатшыларда өздерінің фотосуреті жапсырылған статистика мөрімен бекітілген бейджик, 2021 ұлттық халық санағының рәмізі бар шарф, халық санағы рәмізді портфель, қолдарында арнайы санақ алуға қажетті бағдарламасы бар планшет болады.

Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы өте ауқымды, үлкен жауапкершілікті талап ететін жалпы мемлекеттік шара болғандықтан халықтың үлкен жауапкершілікпен қарап қолдау білдіретініне сенімдеміз.

**Ойыл ауданының статистика басқармасы**

# ЕУРООДАҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚТАН ЗАРДАП ШЕККЕНДЕРГЕ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

Маусым айынан бері Қазақстанның ауқымды бөлігінде тараған құрғақшылыққа жауап қайтару үшін Европалық Одақ гуманитарлық көмек ретінде 200 000 еуро (100 миллион тенге) көлемінде қаражат бөледі. Көмек Маңғыстау мен Түркістан облыстарының аса зардап шеккен аудандарының шамамен 6000 тұрғынына көрсетіледі.

Еуроодақтың бұл қаржылық көмегіне Қазақстанның Қызыл Жарты Ай қоғамы келесі шаралар арқылы қолдау көрсетеді: шұғыл көмек ретінде құрғақшылық кесірінен табыс көзінен айырылып, азық-түлікке тапшы болған адамдарға олардың күнделікті қажеттіліктерін қанағаттандыратын қаржылық көмекті үйлестіру; сондай-ақ, ыстық өту пен өрт қауіпсіздігі сияқты құрғақшылық пен өте жоғары температураның салдарынан туындайтын адам денсаулығына қатысты қауіпқатерлер туралы хабардарлықты арттыру іс-шаралары. Аталған қаржылық көмек Европалық Одақтың Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Халықаралық Қоғамдар Федерацияларының (IFRC) табиғи апат жағдайында Төтенше Көмек Қорына (DREF) қосқан үлесінің бір бөлігі болып табылады. Шілде айының басынан бастап Қазақстанның батыс және оңтүстік аймақтары қатты ыстыққа ұшырап, көптеген аудандарда жаппай құрғақшылық туды. Құрғақшылық кезеңі табиғи су айдындарының тартылуы мен жерлердің құрғауына әкелді. Бұл жайылымдық жерлердегі мал азығы пен су тапшылығына әкелді. Нәтижесінде, елдегі көпшіліктің басты табыс көзіне айналған малдың басы қырылды. Бүгінгі күні 70 мыңнан астам адам зардап шегті, олардың көпшілігі тек малмен күнелтіп отырған шағын шаруа малшылары. Хабарлау бойынша зардап шеккендердің 84 пайыздан астамы Маңғыстау облысының тұрғындары.

Еуропалық Одақ және оған мүше мемлекеттер гуманитарлық көмектің дүниежүзіндегі ірі доноры болып табылады. Бұл бүкіл әлемдегі көмекке мұқтаж адамдарға көрсетілген еуропалық ниеттестіктің көрінісі. Көмек адамдардың өмірін сақтап қалуға, адамдардың қайғы-қасіретін болдыртпау мен жеңілдетуге, сондай-ақ табиғи апаттар мен техногендік дағдарыстарға ұшыраған халықтың дербестігі мен абыройын қорғауға бағытталған.

Еуропалық гуманитарлық көмек және азаматтық қорғау директоратының (ECHO) жұмысы аясында Еуропалық Одақ жыл сайын қақтығыстар мен табиғи апаттардың 120 миллионнан астам құрбандарына көмектеседі. Қосымша ақпарат ECHO веб-сайтында қол жетімді.

Еуропалық Комиссия табиғи апат жағдайында Төтенше Көмек Қорына (DREF) қолдау көрсету үшін Қызыл Крест және Қызыл Жарты Ай Халықаралық Қоғамдар Федерацияларымен (IFRC) 3 миллион еуро көлемінде гуманитарлық жарна бойынша келісімге қол қойды. DREF қаражаты негізінен «ұсақ ауқымды» апаттарға бөлінеді, яғни ресми халықаралық үндеуді талап етпейтін жағдайларда.

Төтенше Көмек Қоры 1985 жылы құрылды және донорлық жарналар арқасында қызмет істейді. Ұлттық Қызыл Крест немесе Қызыл Жарты Ай қоғамы апатқа қарсы әрекет ету үшін шұғыл қаржылық қолдауды қажет ететін кезде, ол DREF Қорынан қаражат сұрай алады. Кішігірім табиғи апаттар жағдайында IFRC Қордан гранттар бөледі, оларды донорлар әрі қарай толықтыра алады. IFRC мен ECHO арасындағы жарна туралы келісім соңғысына жалпы сомасы 3 миллион еуроға дейінгі келісілген операциялар үшін (оның гуманитарлық мандатына сәйкес келетін) DREF Қорын толтыруға мүмкіндік береді.

# ЕС ОКАЗЫВАЕТ ПОМОЩЬ ЖЕРТВАМ ЗАСУХИ В КАЗАХСТАНЕ

В ответ на засуху, которая затронула значительную часть Казахстана с июня, Европейский Союз выделяет 200 000 евро (более 100 миллионов тенге) в качестве гуманитарного финансирования для оказания жизненно важной поддержки. Помощь получит около 6 000 человек в наиболее пострадавших районах Мангистауской и Туркестанской областей.

Данное финансирование ЕС поддерживает Красный Полумесяц Казахстана в оказании чрезвычайной помощи наиболее пострадавшим путем распределения денежных средств, позволяющих им удовлетворять свои повседневные потребности после потери средств к существованию и источников продовольствия из-за засухи. Также проводятся мероприятия по повышению осведомленности о рисках для здоровья, связанных с засухой и чрезвычайно высокими температурами, такими как тепловой удар и пожарная безопасность.

Финансирование является частью общего вклада Европейского Союза в Чрезвычайный Фонд помощи при стихийных бедствиях (DREF) Международной Федерации обществ Красного Креста и Красного Полумесяца (IFRC).

С начала июля западные и южные регионы Казахстана испытали сильную жару, которая вызвала повсеместную засуху во многих районах. Период засухи привел к пересыханию естественных водоемов и засушливости земель, что привело к нехватке естественных пастбищных кормов и водных ресурсов для животных. В результате погибло большое количество домашнего скота, являющегося ключевым источником средств к существованию для многих в стране. На сегодняшний день пострадало более 70 000 человек, большинство из которых являются мелкими скотоводами, чей доход полностью зависит от их поголовья скота. По сообщениям, более 84 процентов пострадавших находятся в Мангис-0тауской области.

**Справочная информация**

Европейский Союз вместе со своими государствами-членами является ведущим в мире донором гуманитарной помощи. Чрезвычайная помощь яляется выражением европейской солидарности с нуждаю-щимися людьми во всем мире. Она направлена на спасение жизней, предотвращение и облегчение человеческих страданий и защиту неприкосновенности и человеческого достоинства населения, пострадавшего от стихийных бедствий и антропоген-ных кризисов.

В рамках деятельности Директората Европейских операций по гражданской защите и гуманитарной помощи (ECHO) Европейский Союз ежегодно помогает более 120 миллионам жертв конфликтов и стихийных бедствий. Более подробная информация доступна на сайте ECHO.

Европейская комиссия подписала соглашение о гуманитарном взносе в размере 3 миллионов евро с Международной Федерацией обществ Красного Креста и Красного Полумесяца (IFRC) для поддержки Чрезвычайного Фонда помощи при стихийных бедствиях (DREF) Федерации. Средства из DREF в основном выделяются на «мелкомасштабные» бедствия - те, которые не вызывают официального международного обращения.

Чрезвычайный Фонд помощи при стихийных бедствиях был создан в 1985 году и поддерживается взносами доноров. Каждый раз, когда национальному обществу Красного Креста или Красного Полумесяца требуется немедленная финансовая поддержка для реагирования на стихийное бедствие, оно может запросить средства из Фонда DREF. На случай небольших стихийных бедствий IFRC выделяет гранты из Фонда, которые затем могут пополняться донорами. Соглашение о взносах между IFRC и ECHO позволяет последнему пополнять DREF для согласованных операций (которые соответствуют его гуманитарному мандату) на общую сумму до 3 миллионов евро.

# Алғыс айтамыз!

Жақында ауылға Ақтаудан келген бауырымыз Мұқтар Бақытұлы және одан кейін іле-шала өте жоғары температурамен баламыз Асылан аяқ астынан қатты ауырып, аудандық ауруханаға түсті. Әлемді дүрліктірген дерт - COVID19 дегенде абыржып қалғанымыз рас. Дәрігерлер оларға жедел түрде сараптама жасап, қажетті емдеу шараларын жүргізді.

Ауданда ғана емес, әлемде аты жаман ауру бел алып, қарапайым халық қалай сақтанарын білмей, алас ұрған кезеңде тап болған бұл жағдай алғашында баршамызды абдыратып, кеудедегі күдікті үмітке жеңдіре алмай берекетіміз кетіп-ақ қалған еді.

Алайда, осындай жан қиналған сәтте ауданымыздағы ақ халатты абзал жандардың жанқиярлық қызметін көріп, олардың өз істерінің шын мәніндегі шеберлері екенін, білікті маман, нағыз адам жанының арашасысы екеніне көз жеткіздік, қалтқысыз қызметтеріне тәнті болдық. Басшыдан бастап, емдеуші, күтуші қызметкерлеріне дейін аяқтарынан тік тұрып кезекпен алмасып, ем-домдарымен қатар шынайы да қамқор көңілдерінің, көмектерінің арқасында бауырларымыз сауығып, көп кешікпей аман-есен ортамызға оралды.

Жан қиналғанда қасымыздан табылып, жедел жәрдемдерін жасаған ауданымыздағы денсаулық сақшыларына бас дәрігер Сәндібек Мұхамбетжанұлы мен оның орынбасары Жанат Қазиқызына, реаниматолог Амантай Тілекбайұлы, емдеуші дәрігер Әйгерім Талғатқызы, мейірбикелер мен жігіттер Муса, Сара, Назарбай, Гауһар, Әсима, Гүлназға, сондай-ақ іс-тәжірибе жинақтап жүрген болашақ дәрігерлер Асқар, Аружан, Жұлдызай, Анар сынды тағы да басқа азаматтарға көрсеткен көмектері үшін шын көңілден ризашылықтарымызды білдіріп, алғыс айтамыз. Қызметтеріне табыс, отбасыларына амандық тілейміз!

**Бақтыгереевтер әулеті.**

# «ASHYQ» ҚОСЫМШАСЫ БОЙЫНША АНЫҚТАЛҒАН «ҚЫЗЫЛ» МӘРТЕБЕСІ БАР АҚТӨБЕЛІКТЕР ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛДЫ

«Ashyq» жобасын енгізудің негізгі мақсаты – коронавирус инфекциясының алдын алу, яғни ауру жұқтырған немесе байланыста болған адамдардың қоғамдық орындарға бару жағдайларын болдырмау. Бизнес үшін қосымшаны пайдалану шектеу шараларына қарамастан, тіпті локдаун жағдайында да жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Мобильді қосымша денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерімен біріктірілген және ПТР тестілері мен санитарлық-эпидемиологиялық тексерулердің өзекті деректерін пайдаланады.

Мекемеге кірер алдында пайдаланушы смартфонмен QR-кодты сканерлейді немесе ЖСН-мен салыстыру үшін жеке куәлігін ұсынады және өзінің мәртебесін көрсетеді. «Қызыл «-ПТР тестінің оң нәтижесі,» сары « - байланыс, тиісінше, мұндай мәртебелерде карантинді сақтау қажет. Деректер базасына «ауру» немесе «байланыс» ретінде енгізілген адам мекемеге кіре алмайды. «Көк» -ПТР - тест міндетті орындардан басқа, еркін қозғалу, «жасыл»-ПТР-тесттің теріс нәтижесі.

«Ashyq» жобасы Ақтөбе облысының аумағында 14-сәуірден бастап жұмыс істеуде. Бүгінгі күні, Ақтөбе облысының 2072 кәсіпкері «Ashyq» жобасына қатысуға өтініш беріп, олардың 2072-не QR-кодтары жүктелген, оның ішінде «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар – 37 және соңғы апталарда QR-код (чекиндер) бойынша келушілерді тіркеудің төмен немесе нөлдік санын бақылау себебінен 25 объект жобадан шығарылды.

Айталық, бағдарлама енгізілгеннен бастап, өңірдегі «Ashyq» жобасына қатысатын «сары» статусы бар 171 адам және «қызыл» статусы бар 122 адам анықталған. 74 «сары» статусы бар тұлғаға Ақтөбе қалалық Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулылары шығарылды.

«Қызыл» статусы бар 20 жеке тұлғаға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР Кодексінің 425 бабы 1 тармағымен әкімшілік шара қолданылып 875 120 теңгеге айыппұл салынды.

Бүгінгі күні, «Ashyq» жобасынан басқа Aitu және Kaspi.kz. платформаларын да қолдануға болады.

**Ақтөбе облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті**

# ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫН ҚАУІПСІЗ ӨТКІЗЕЙІК!



Жылу беру маусымында да өрт оқиғасымен өрттен тараған көмір қышқыл газының улы екендігі айтылып, жазылғанымен әлі де болса немқұрайлықпен қараудамыз.

Атап айтсақ, өткен 2020-2021 жылдардағы от жағу маусымында тұрғын үй секторында 7 өрт оқиғасы тіркелді.

Өрттердің пайда болуына себеп болған:

- 2 тұрғындардың от қолдану кезіндегі абайсыздығынан;
- 2 от жағу пешінің пайдалану ережелерінің бұзылуынан;
- 2 тұрғын үйдегі электр желілерінің ақаулығы және пайдалану ережелерінің бұзылуы;
- 1 электр құрылғысының ақаулығынан қысқа тұйықталу;

2021-2022 жылдардағы от жағу маусымы басталғанға дейін Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі №18 Өрт сөндіру бөлімінің қызмкеткерлерімен бірлесе отырып, жылу беру маусымының алдында, аудан бойынша әлеуметтік осал топқа жататын 127 тұрғын үй есепке алынды, ағымдағы жылдың 15 қыркүйегіне дейін есепке алынған тұрғын үйлердің өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуына рейдтік жұмыстар жүргізілетін болады. Осыған байланысты, аудан тұрғындары мен қонақтарынан төменде келтірілген өрт қауіпсіздігі мен ережелерін қатаң сақтау қажет екендігін ескертеміз!!!

- пеште кептіруге және жанғыш заттар мен материалдарды жинауға жол бермеу;
- пештердің есіктері ақаусыз және құрылымдардан өртке қарсы бөліктері (шегіністері) болуы тиіс;
- жарықтары, саңылаулары бар, ақаулы пештерде от жақпау;
- пеш алдына 500х700 мм, темір қаңылтыр қағу;
- мұржаны күйеден жылыту кезеңі басталар және одан әрі 3 айда 1 рет тазарту;
- бензинмен, керосинмен және басқада тез тұтанатын сұйықтықтармен жағуға болмайды;
- пештің қызып кетуіне жол бермеңіз;
- жанып тұрған пешті қараусыз және балалардың қарауына қалдырмаңыз;
- ұйықтамас бұрын пештегі оттың жанып біткеніне көз жет-кізіңіз;
- шатырдағы түтін жолдары өтетін түтін құбырлары мен қабырғаларын өктеу қажет;
- пештен шыққан күл мен қоқысқа су құйылып, арнайы қауіпсіз жерлерге төгілуі тиіс;

Қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамағандықтан орны толмас қайғылы оқиғаларға әкеліп соғуы мүмкін, сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескерткіміз келеді.

**Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі**

# Құттықтау

**Ойыл селосы**
**Гүлжан Дүйсенқызына!**
**Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі қызметкерлерін 60 жасқа толу мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз!**



**Құрметті Сандибаева Гүлжан Дүйсенқызы!**

Сізді 60 жасқа және зейнеткерлік жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз өз мерейтойыңызға лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістіктермен келіп отырсыз.

Өз еңбек жолыңызда талай белестерден өтіп, сабырлықты алға қойдыңыз, соның арқасында ұжымның және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Таңдаған жолыңызды абыроймен атқарып, тамаша маман болдыңыз. Ерекше қасиетіңіздің арқасында тамаша балаларды тәрбиелеп, өсірдіңіз.

Бүгінгі мерейтойыңызда Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, өмірдің асқақ абыройын тілейміз!

Шаңырағыңызда береке-бірлік, ырыс-ынтымақ бола берсін!

**Ойыл селосы**
**Қоңырбай Ұлықпанұлына!**



**Құрметті Сисимов Қоңырбай Ұлықпанұлы!**

60 жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын ағаларының ізін басып, кейінгі толқын інілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп құдажекжатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезеңі. Осындай мерейлі жасқа келген Қоңырбай Ұлықпанұлына тірлікте тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен алып, келер қиындықтарды қажырлықпен жеңіп, алға қойған мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз демекпіз. Асыл жарыңыздың, ұл-қыздарыңыздың қызығын молынан көріңіз, алып мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, өркендей беруіңізге тілектеспіз!

*Құттықтаушылар: Ойыл музейінің ұжымы*

# ҚҰС ТҰМАУЫ

Құс тұмауы – жиі жағдайда вирустың H5N1 штаммымен қоздырылып, құстарды зақымдайтын жұқпалы ауру. Құс тұмауы вирустарының табиғи көзі суда жүзетін жыл құстары болып табылады. Үй құстары, оның ішінде тауықтар мен күрке тауықтар құс тұмауына шалдығуға ерекше сезімтал, және бұл жиі жағдайда құстарды жаппай қыратын індет дамуына әкеліп соғады. Құс тұмауының вирустары адамдарды да зақымдап, ауруларға әкелуі мүмкін. Құс тұмауының адамдардағы белгілері әдеттегі тұмау дерті белгілеріне өте ұқсас (өте жоғары дене қызуы, тыныс алудың қиындығы, жөтел, тамақтың, бұлшық еттердің ауыруы, конъюктивит, жалпы улану көріністерімен ерекшеленеді). Өкпені, жүректі және бауырды зақымдау түріндегі күрделі асқынулар өте қауіпті, бұлар өлімге әкелуі мүмкін.

Құс тұмауын жұқтырудың алдын-алу:

· Ұшып келген құстар суда жүзетін жабайы құс түрлерін үй құстарымен қарым-қатынаста болуына жол бермеу;

· Құс фермаларын және құстардың басқа мекендерін мұқият зарарсыздандыру;

· Ел ішінде, елдер арасында тірі құсты тасымалдауды шектеу

· Тамаққа қолданар алдында құс етін мұқият ыстап, өңдеу;

· Жеке бас және қоғамдық гигиенаны сақтау;

Ресей Федерациясы Түмен облысында жоғары патогенді құс тұмауы вирусыошағытіркеліп, Қазақстан Республикасының аумағына РФ Түмен облысынан тірі құстарды, инкубациялық жұмыртқаны, мамықты және қауырсынды, құс етін және жылумен өңдеуден өтпеген құс өнімдерінің барлық түрлерін, құстарға арналған жемшөп пен жемшөп қоспаларын, таксидермиялық өңдеуден өтпеген аңшылық олжаларын, сондай-ақ құстарды ұстауға, союға және бөлуге арналған пайдаланылған жабдықтарды әкелуге және транзитіне уақытша шектеулер енгізілді.

Бұл ауру біздің аймақта да орын алуы мүмкін. Сол себепті ауданымыздың тұрғындары, балықшы және аңшылар және табиғатты қорғау инспекторлары, егерлер өзен-көлдерде, елді мекендерде, өлген құстарды байқаған жағдайда шұғыл түрде Ойыл аудандық аумақтық инспекциясына хабарлауларыңызды сұраймыз.

**ҚР АШМ ВБжҚ комитеті Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы**

# ЕСКЕ АЛУ

**Ақтөбе қаласы,**
**Жадыра Базарова Сисенбайқызы**
**(1967.10.08-2016.08.09)**



Күн батады, таң атады алмасады,
Тіршілік тірлігіңмен жалғасады.
Қайран сіңілім ерте кеттің ортамыздан,
Өзіңсіз бұл өмірдің бар ма сәні.
Өзің едің бауырым бөлімбесім,
Сен менің жүрегімнің төріндесің.
Жатқан жерің жайлы болып һақ жаратқан,
Жәннат бақтан жұмақтың төрін берсін.
Ұлың өсті мұрагерің ұлықты боп,
Қызың өсті өрісті қылықты боп.
Әттең, Әттең ажалдан асқан не бар?
Көре алмадың солармен қызықты көп.
Пендеміз ғой тағдырға көндім дейді,
Салмасын ешкімге өмір солғын күйді.
Желеп-жібеп жүре бер ақ періштем,
Ошағыңды ұл-қызың сөндірмейді.
5 жыл өтті, бейнеңді қарғам, сағындық,
Алладан сұрап қайырын, жақсылығына жалындық.
Алдың бейіш, артың нұр, шапағатың тисін деп,
Дұға қылып өзіңе, тағдырға біз де бағындық.
Кейде рас көпшіліктен кеш қаламыз,
Қосылушы еді өзің барда кеште арамыз.
Суретіңе қараймыз өткен өксік басып,
Сағынышпен өзіңді еске аламыз.
*Еске алушылар: бауырлары жиендері.*

**Ойыл селосы**
**Кенганов Қайсар Алтайұлы**
**(1979.12.02 – 2020.08.21)**



Жылдар өтер, ауысып мезгіл өтер,
Өткен сайын ол мезгіл қалдырар өз таңбасын.
Сене алмаймыз, әлі де сене алмаймыз,
Шыныменен құлыным кеткеніңе.
Қайта оралар туған елге ұшқан құс,
Оралмадың бірінші рет өтті қыс.
Өзіңді ойлап жабығады ата-ана,
Артта қалған бауырлар, нағашы туыс.
Бір көруге зар боп отыр анашың,
Ақ сүт беріп асыраған баласын.
Әке қалды қабырғасы қайысып,
Сақтай алмай көздің ақ пен қарасын.
Тай құлындай ойнақтаған, бірге өскен,
Балалық шақ, бақытты өмір бір кешкен.
Бауырларың барлығы да сағынады,
Бір тәттіні өзіңменен бөліскен.
Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,
Көнеміз ғой, тағдырдың салғанына.
Көзімізге ып-ыстық жас келеді,
Құлыным! Өзіңді аңсап, еске алғанда.
Құлыным! Топырағың торқа болсын,
Жатқан жерің пейіш деген орта болсын.
Ұстағаның шырақ, мінгенің пырақ,
Иманың о дүниеде жолдас болсын.
*Еске алушылар: Ата-анасы, бауырлары, нагашылары.*

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Ойыл аудандық ауруханасының мейірбикесі Серғазина Жайнагүлге әкесі

**Құттығалидың**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.